

## Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің Кенжекөл және Долгое ауылдарының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 17-1-03/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 ақпанда № 6732 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Кенжекөл ауылдық округінің Кенжекөл және Долгое ауылдарының тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Кенжекөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің Кенжекөл ауылында келесі көшелері:

"Дорожная" көшесін – "Баян батыр" көшесі;

"Кирпичная" көшесін – "Келісім" көшесі;

"Парковая" көшесін – "Малайсары тархан" көшесі;

"Пригородная" көшесін – "Сұлтанбет сұлтан" көшесі;

"С. Токин" көшесін – "Лашын" көшесі;

"Южная" көшесін – "Қапар Смағұлов" көшесі болып қайта аталсын.

2. Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің Долгое ауылында келесі көшелері

:

"Северная" көшесін – "Қимақ" көшесі;

"Центральная" көшесін – "Қазанғап би" көшесі болып қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кенжекөл ауылдық округінің әкімі*

*С. Шуакбаев*